



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

05.09.2022 ж.

Ақмектеп ауылы

№ 32

село Ақмектеп

Білім алушылардың жекелеген санаттарын тегін тамақтандыру туралы.

«Отбасы және балалар саласында көрсетілген мемлекеттік қызметтер стандарттарын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 13.04.2015 жылғы №198 бұйрығымен бекітілген) мемлекеттік қызмет стандарттарына, «Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарын тегін және жеңілдікпен тамақтандыруды ұсыну» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 31.10.2018 жылғы № 598 бұйрығы негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасыларының тегін тамақтандыруға қамтылатын оқушылар тізімі бекітілсін.

2. Мектепте дұрыс тамақтануға байланысты насихат жұмыстарын жүргізу, оқушылардың уақытылы тамақтануына апарып, тыныштығын сақтап, ұйымдастыру кезекшілік атқару сынып жетекшілеріне міндеттелінсін.

3. Ыстық тамақтың уақытында сапалы берілуін асханадағы кезекшілік кестесі бойынша қадағалау мектепшілік комиссия мүшелеріне міндеттелінсін.

4. Белгілі себептермен күнделікті сабаққа келмей қалған оқушылардың орнына қолайсыз және әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасынан шыққан оқушылардың қосымша тізімі бекітілсін.

5. Әлеуметтік жағынан аз қамтылған ыстық тамақты тегін ішетін оқушылардың санын түгендеп, тамақтануын қамтамасыз ету әлеуметтік педагог Қ.Мағзиевқа міндеттелінсін.

6. Күнделікті ас мәзірін қадағалау мектеп мейірбикесі М.Тантаеваға міндеттелінсін.

7. Осы бұйрықтың орындалуына бақылау-басшылық жасау мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Р.Акиеваға міндеттелінсін.
Қосымша 1,2 бетте.

Негіздеме: ҚР Білім және ғылым министрінің 31.10.2018 жылғы № 598 бұйрығы.

Директор



Б.Амиргазин